


Turkic Weekly

2018/98





TURKIC WEEKLY 2018 5 (98) [29 қаңтар – 4 ақпан]

Turkic Weekly Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.



ҚАЗАҚСТАН БҰҰ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНЕ ТӨРАҒАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН АЯҚТАДЫ

Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық етуі 31-ші қаңтарда аяқталды. Сәйкесінше, 1-ші ақпаннан бастап төрағалық Кувейттің өкілдеріне өтті.

Қысқа мерзім ішінде қазақстандық дипломаттар БҰҰ-ға серпін беріп, өзекті мәселелер бойынша көптеген іс-шаралар ұйымдастырды.

Атап айтқанда, қазақстандық дипломаттар соңғы 7 жылда алғаш рет БҰҰ тұрақты өкілдерінің Ауғанстанға сапарын ұйымдастыра алды.

Қазақстанның БҰҰ жанындағы тұрақты өкілі Қайрат Омаров журналистерге жасаған мәлімдемесінде Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері Ауғанстанда 13-15 қаңтарда болғанын хабарлады. «Бұл Ауған еліне 2010 жылдан бастап жасалған алғашқы осындай миссия болды. Қазақстан бұл сапарды Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелеріне Ауғанстан Үкіметінің халықаралық қоғамдастықтың қолдауымен елдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қалай қызмет етіп жүргенімен танысуға мүмкіндік беру үшін ұйымдастырды», - деді дипломат.

Оның айтуынша, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі делегациясы ауған шенеуніктерімен, оның ішінде ел президенті Ашраф Ғанимен, негізгі министрлер мен саяси партиялардың өкілдерімен «өте жемісті кездесулер» өткізген. Сонымен бірге, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың қызметкерлерімен, БҰҰ-ның Ауғанстандағы миссиясының басшылығымен сөйлесіп, НАТО-ның командирлерімен тілдескен. Омаровтың пікірінше, бұл кездесулер Қауіпсіздік Кеңесі мүшелеріне елдегі қазіргі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдаймен танысып, сондай-ақ адам құқықтары мен қауіпсіздігі саласындағы ережелерді жан-жақты және терең түсінуге мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында 18-ші қаңтарда «Жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау: сенім шаралары» тақырыбында алқалы жиын өтті. Қазақстан ядролық қаруды таратпауды қолдайтын белсенді күрескер мәртебесін тағы бір мәрте растады, сондай-ақ осы салада жаңа келісімдерге бастамашы болды.

Қазақстанның БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалығы аясында әлемді елең еткізген маңызды оқиға - Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Америка Құрама Штаттарына сапары болды. Елбасы ол сапарда АҚШ басшылығымен, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізді.



С.ЖЭЭНБЕКОВТИҢ ТӘЖІКСТАНҒА САПАРЫ

Биылғы 1-2 ақпан күндері Қырғыз Республикасының президенті Сооронбай Жээнбеков Тәжікстан Республикасына ресми сапармен барып, республиканың жоғарғы басшылығымен келіссөздер жүргізді.

Атап айтқанда, бірінші күні Тәжікстан Республикасының президенті Эмомали Рахмонмен шағын құрамда келіссөздер өткізді.

«Бізді Тәжікстанға келген алғашқы минуттардан жылы қарсы алдыңыздар. Қырғыз Республикасының президенті лауазымына сайланған кезде құттықтау жолдағаныңыз үшін Сізге тағы да алғыс айтқым келеді. Биыл біздің елдеріміз арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 25 жыл толады. Осы мерейтой қарсаңында сіздерге ресми сапармен келуімнің де мәні бар», - деді С.Жээнбеков.

Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон өз сөзінде әріптесінің Тәжікстанға алғашқы ресми сапарына үлкен мән беріп отырғанын атап өтті. «Қырғызстан - біздің жақын көршіміз, біздің елдеріміз көптеген маңызды екіжақты және аймақтық мәселелер бойынша ынтымақтасады. Бірлескен күш-жігер арқылы мемлекеттеріміздің арасындағы ынтымақтастық бұдан да жоғары деңгейге көтеріледі деген сенімдеміз », - деді Э. Рахмон.

Сонымен қатар, 2-ші ақпанда С.Жээнбеков Тәжікстанның премьер-министрі Кохир Расулзодамен кездесті. Кездесу барысында тараптар экономикалық ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Сооронбай Жээнбеков Тәжікстан президенті Эмомали Рахмонмен Қырғызстан-Тәжікстан қатынастарының қазіргі жағдайы жан-жақты талқыланып, келешек ынтымақтастықтың басым бағыттары анықталғанын мәлімдеді. Күн тәртібінде сондай-ақ, мемлекеттік шекара мәселесі жеке көтерілді. Сооронбай Жээнбеков Қырғызстан мен Тәжікстан халықтарының мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау мәселесінің мерзімінен бұрын шешілуін күтетінін атап өтті.

Премьер-министр Кохир Расулзода екі ел президенттерінің кездесуі Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы екіжақты қатынастардың дамуына оң әсер тигізетінін атап өтті.

Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың барлық аспектілері, соның ішінде екі елдің транзиттік әлеуеті, CASA-1000 жобасын жүзеге асыру және мәдени-гуманитарлық әріптестік туралы пікір алмасты.

Бұдан бөлек, Қырғызстан мен Тәжікстан делегациясының кеңейтілген отырысында келесі құжаттарға қол қойылды:

Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы;

Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік қызмет пен Тәжікстан Республикасының Экономикалық қылмысқа қарсы күрес агенттігі арасындағы экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл туралы келісім;

Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы ынтымақтастық туралы Қырғыз Республикасының Жоғары аттестациялық комиссиясы мен Тәжікстан Республикасы президентінің жанындағы Жоғары аттестаттау комиссиясының арасындағы келісім;

Қырғыз Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Тәжікстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау министрлігі арасындағы денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

Қырғыз Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Тәжікстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арасындағы ынтымақтастық бағдарламасы;

Қырғыз Республикасының Мәдениет, ақпарат және туризм министрлігі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі жанындағы Телерадио хабарларын тарату комитеті арасындағы ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасының аумағында Қырғыз Республикасының азаматтарын және Тәжікстан Республикасының азаматтарын Қырғыз Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісім;

Қырғыз Республикасының Баткен облысымен Тәжікстан Республикасының Соғды ауданы арасындағы 2017-2020 жылдарға арналған тату көршілік пен достықты нығайту жөніндегі ынтымақтастық жоспары.

Кездесу соңында С.Жээнбеков пен Э.Рахмон қырғыз-тәжік қатынастарына екіжақты және көпжақты форматтарда жаңа серпін беруге келісті.



Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

www.twesco.org | 57-49-86

Тәуелсіздік даңғ., 57, Бейбітшілік және келісім сарайы
Астана, 010000 | Қазақстан

 @intturkicacadem

 <https://www.facebook.com/Intturkicacadem/>